

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДАҒЫ ДІНИ АҚПАРАТТАРДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ САНАҒА ЫҚПАЛЫ*

¹Қасабекова Еңлік Құралғазықызы, ²Шағырбай Алмасбек Дүйсенбекұлы

¹kasabekova1978@mail.ru ²almasbek85@gmail.com

^{1,2}ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты
(Алматы, Қазақстан)

¹Kasabekova Enlik, ²Shagyrbai Almasbek

¹kasabekova1978@mail.ru ²almasbek85@gmail.com

^{1,2}Institute for Philosophy, Political Science and Religious Studies
of the RK MHES CS (Almaty, Kazakhstan)

Аңдатпа. Мақалада қоғамдық сананы қалыптастырудағы бұқаралық ақпарат құралдарының маңыздылығы қарастырылған. ХХІ ғасыр – ақпараттық технологиялар ғасыры. Дүниежүзі халқының 80 пайызы ғаламтор желісінің белсенді пайдаланушылары. Бұқаралық ақпарат құралдары – адамдардың діни санасына сырттан әсер ететін ең қуатты, деструктивті күштердің бірі. Шындығында, қоғамдық сана өзінің ой өрісінің деңгейіне ғана емес, сыртқы факторларға да байланысты екені сөзсіз. Ішкі және сыртқы факторлардың ықпалы, жеке сананың ұжымдық күші халықтың діни бұқаралық санасын қалыптастырады. Бұқаралық діни сананың өзгеруі мен дамуы ғылыми техниканың қарқынды дамуымен тікелей байланысты.

Түйін сөздер: БАҚ, діни сана, бұқаралық сана, ғаламторресурстары, қалыптасу.

Кіріспе

Қазақстан Республикасындағы бұқаралық сананың қалыптасуын екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірінші кезең 1991 жылға дейінгі Кеңес Үкіметі дәуірі, екінші тәуелсіздік алғаннан кейінгі 1991 жылдан бергі уақыт аралығын қамтиды. Бірінші кезең Социалистік Кеңес дәуірінің даму идеологиясымен тығыз байланыста болса, екінші кезең Тәуелсіз Қазақстанның даму жолдарымен тікелей байланысты. Социалистік Кеңес Үкіметі кезеңі Коммунизм құруға шақырған ортақ ұрандармен, коллектив құруға үндеумен сипатталады. Ортақ мүддеге ұмтылу, ортақ мақсатқа жету барысында бұқаралық сананың атеистік бағытықолданылды. Ол кезеңді дінсіз орта, коммунистік ұрандар, коллективтік өмір сүру үрдісі қамтыды. Кеңес Үкіметінің құрамдас бөлігі ретінде Қазақстан да аталмыш даму бағытынан қалыс қалмады. Аталмыш уақыт аралығы толығымен атеистік кезеңді қамтиды. Дін жайында жазуға, айтуға, оны қолдануға, діни канондар мен жоралғыларды ұстануға

*Мақала №BR21882209 «Қазақстандағы бұқаралық санаға ақпараттық-идеологиялық әсерлер: тәуекелдер мен мүмкіндіктер» жобасы аясында дайындалған.

үзілді кесілді шектеу қойылды. Керек болған жағдайда заңмен қудаланылды, осы тұрғыда діни ақпараттардың қоғамдық санаға ықпалын толығымен негативті бағытта деп топшылады. Дін адам санасын улайды, дін апиын деген ұрандар айтылды. Зайырлылықтың шектен шыққан формасы атеистік жайлаған кезең болды. Саясаттанушы Расул Жұмалы осы орайда: «Дін – апиын» деген ұранмен дүйім елдің сенім-нанымын аяусыз жаныштаған 70 жылдан астам сұрапыл атеизм ізсіз қалмады. Тарихтың сындарлы сәтінде дініміздің қоғамда өрлеуіне мұрындық боларлық отандық молда-имамдар, ең болмаса жеткілікті діни сауаты бар ойшылдар жоқтың қасы еді. Ол кезде елімізде бірде-бір діни университет тұрмақ, қарапайым медресе де болған емес», - дейді [1]. Келесі кезең Қазақстан Республикасының 1991 жылдан кейінгі Тәуелсіздік алған уақытымен сәйкес келеді. Елдің өткенге оралу, дәстүрлерді жаңғырту кезеңінде тәуелсіздікке жаңа қол жеткізген жас мемлекеттегі қоғамдық санасының қалыптасуына жан жақтан келіп жатқан идеологтар, дін таратушылар немесе миссионерлер, туристтер, саудагерлер және шетелдік және отандық БАҚ және т.б. өз ықпал, әсерін тигізбей қоймады. Елде әртүрлі діни топтар, шетелден келген өз мүддесі бар қоғамдық топтар пайда болды. Жалпы алғанда, бұқаралық ақпарат құралдарымен қатар, шетелдік миссионерлердің қоғамдық сананың қалыптасуына ықпалы сөзсіз зор болды. Шындығында, адамзат баласының өмірге келу сәтінен бастап оның санасының қалыптасуына әсер ететін әртүрлі факторлар мен жағдайлар, орта бар. Ең алдымен ол туып өскен орта, ата-анасы, туыстары, араласатын тобы, бала бақша, мектеп, университет, жұмыс мекемесі және т.б. адамның қалыптасуына оның санасының қалыптасуына өз ықпалын тигізері сөзсіз. Қоғамдық сананың, бұқаралық көзқарастың қалыптасуына бірден бір ықпалды ресурстардың бірі БАҚ болып саналады. Бұқаралық ақпараттық құралдар жүйесінің негізгі құрамдас бөліктерін айқындайтын бөлімдерін ҚР БАҚ туралы заңынан бағдарлауға болады:

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. 1) бұқаралық ақпарат - тұлғалардың шектеусіз топтарына арналған баспа, дыбыс-бейне және өзге де хабарлары мен материалдары;

2) бұқаралық ақпарат құралы - мерзімді баспасөз басылымы, радио және теледидар бағдарламасы, киноқұжаттама, дыбыс-бейне жазбасы және көпшілік қол жеткізе алатын телекоммуникациялық желілердегі (интернет және басқалары) WEB-сайттарды қоса алғанда, бұқаралық ақпаратты мерзімді немесе үздіксіз жария таратудың басқа да нысаны;

3) мерзімді баспасөз басылымы - тұрақты атауы, ағымдағы нөмірі бар және кемінде үш айда бір рет шығарылатын газет, журнал, альманах, бюллетень, олардың қосымшасы;

4) теледидар, радио, бейне, кино хроникалық бағдарламасы - толық атауы бар және кемінде жарты жылда бір рет эфирге шығатын мерзімді дыбыс-бейне хабарлары мен берілімдерінің жиынтығы;

5) эфирге шығу - ұқсас және цифрлық электромагнитті жүйелерді пайдалана отырып, теледидар, радио бағдарламаларын, дыбыс-бейне жазбаларын тарату;

6) бұқаралық ақпарат құралдарының өнімі - мерзімді баспасөз басылымының жеке нөмірінің немесе дыбыс-бейне бағдарламасының таралымы немесе таралымының бірбөлігі, радио, теледидар, кино хроникалық бағдарламалардың жеке шығарылымы, көпшілік қол жеткізе алатын телекоммуникациялық желілердегі WEB-сайтта берілген ақпарат;

7) ресми хабар - бұқаралық ақпарат құралдары арқылы одан әрі тарату мақсатымен мемлекеттік органдар беретін ақпарат;

8) бұқаралық ақпарат құралының өнімін тарату - мерзімді баспасөз басылымдарын сату (жазылу, жеткізу, үлестіру), радио, теледидар бағдарламаларын эфирге шығару, кинохроникалық бағдарламаларды көрсету;

9) бұқаралық ақпарат құралының редакциясы - жеке тұлға не бұқаралық ақпарат құралына материалдар жинауды, дайындауды және шығаруды жүзеге асыратын заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын шығармашылық ұжым;

10) бас редактор (редактор) - бұқаралық ақпарат құралының редакциясын басқаратын және оны шығару мен таратуға, эфирге шығаруға тиісінше өкілеттігі бар жеке тұлға;

11) журналист (бұқаралық ақпарат құралының өкілі) - еңбек қатынастары немесе өзге де шарттық қатынастар негізінде бұқаралық ақпарат құралы үшін хабарлар мен материалдар жинау, өңдеу және әзірлеу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға;

12) таратушы – меншік иесімен, баспагермен шарт бойынша немесе өзге де заңды негіздерде бұқаралық ақпарат құралының өнімін таратуды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

13) цензура - бұқаралық ақпарат құралдарының хабарларын және материалдарын мемлекеттік органдармен, лауазымды адамдармен және өзге де ұйымдармен олардың талап ету бойынша немесе өзге де негіздер бойынша хабарлар мен материалдарды не олардың жекелеген бөліктерін таратуды шектеу немесе оларға тыйым салу мақсатымен алдын ала келісу;

14) эротикалық сипаттағы өнім - тұтас алғанда және үнемі секске әуестенушілікті қаузайттын баспасөз басылымы немесе теледидар радио бағдарламасы;

15) WEB-сайт - Қазақстан Республикасының жеке немесе заңды тұлғасының арнайы техникалық және бағдарламалық құралдардың көмегімен дайындалған, меншік иесі жаппай тарату мақсатында ақпарат беретін электронды өкілдік бет;

16) ретрансляция - техникалық құралдарды пайдалануға қарамастан, басқа бұқаралық ақпарат құралының теле- немесе радио бағдарламаларын (теле- немесе радио хабарларының жиынтығы) қабылдау және бір мезгілде не жазып алып толық және өзгеріссіз тарату;

17) кешен - бір бірімен ортақ мақсаттарымен байланысты және бірыңғай құрылым құрайтын ғимараттар жиынтығы;

18) аккредиттеу - журналисті тағайындау рәсімі және оның өкілеттігін мемлекеттік органның, қоғамдық бірлестіктің және ұйымның тануы;

19) бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті орган - бұқаралық ақпарат құралдары саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) [2].

Зерттеу әдіснамасы

Тақырыпты зерделеу барысында келесі ғылыми әдістемелер қолданылды: тарихи баяндау немесе сипаттау әдісі; сонымен қатар салыстырмалы, құрылымдық, тұтас, анықтамалық, статистикалық әдістері пайдаланылды. Берілген мәселенің іргелі аспектілерін анықтау және оның құндылығын анықтау үшін тарихи-аксиологиялық талдау әдісі қолданылды. Ғылыми таным феноменінің құрамдас бөлігі болып табылатын қоғамдық-саяси үдерістерді, бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдық санаға ықпалын талдау барысында әдістемелік бағыт ретінде тарихи сананың қалыптасуы мен дамуын тереңдету маңыздылығы алынып, қазіргі кезеңде кейбір әдістемелік бағыттар бар. Мақалада зерттеудің әдіснамалық негізін құрайтын әдістерге саяси және діндарлық үдерістерді сыни талдау, салыстырмалы талдау, мәселелік-теориялық зерттеу әдістері жатады.

Бұқаралық ақпарат құралдарының діни санаға ықпалы

Жалпы халықтың бұқаралық діни санасының өзгеруі мен дамуы ғылыми техниканың қарқынды ілгерілеуімен тікелей байланыста. Қоғамда орын алып отырған сан түрлі жағдайлар, тосын оқиғалар мен толассыз ақпараттар легі, діни сипаттағы оқиғалар оның бірден бір айғағы іспеттес. Жеке санаға ішкі және сыртқы ықпалдардың нәтижесінде адамзаттың бұқаралық діни санасы туындайды. Бұқаралық сана – бұл адамдардың жалпылама санасын біріктіретін ұжымдық ұғым. Мәселен, бұл саясат үшін өте маңызды, өйткені ол көпшіліктің дауысын анықтайды. Бұқаралық сана өз ішінде бірнеше салаға бөлінеді. Олардың ішіндегі маңызды рөл атқаратын феномен – діни сана. Діни сананы қалыптастырудағы негізгі маңызды күштердің бірі – Бұқаралық ақпарат құралдары. Оның ішінде радио-теледидар; әлеуметтік кеңістік; газет-журналдар; кітаптар және т.б. Сондай-ақ халық арасында діни сананы қалыптастырудағы маңызды рөл атқарушы белсенді, танымал адамдар: мемлекет басшылары, жеке көшбасшылар, атақты әншілер, ақындар, имамдар, спортшылар және т.б. Жалпы бұқара халық танымал адамдардың барлығын идеал ретінде қабылдайды. Олардың идеал атауынан алыс екенін қарапайым халық ажырата алмауы да шартты құбылыс. Осындай және өзге де күрделі

мәселелердің түйіні діни сананың түзу бағытта қалыптасып, дамуына тікелей байланысты. Осы орайда халықтың бұқаралық санасының қалыптасуына ықпал ететін алапат күш ретінде БАҚ маңызды рөл атқарады. «Француз жазушысы Оноре де Бальзак баспасөзді төртінші билік деп таниды», - деді [3]. БАҚ құралдарының адамзат баласының ой-санасын қалыптастырудағы маңызды құрал екені даусыз. Сонымен қатар, жоғарыда айтып өткеніміздей діни сананы қалыптастырудағы маңызды рөл атқарушы институт – ол отбасындағы тәрбие, қоршаған орта, әлеуметтік кеңістік. Діни сананы қалыптастырудағы бұқаралық ақпарат құралдарының негізгі қызметін келесі пункттерден көруге болады:

1. Қоғамдық пікірді қалыптастыру (теле-радио бағдарламалар)
2. Халыққа ақпарат тарату немесе алу (уағыз айту, кері байланыс орнату)
3. Жалпы халықты бақылауда ұстау (заманауи платформалар)
4. Редакциялау (журналистік зерттеу әдісі)
5. Сұрақ-жауап әдісі (оқиғаларды іріктеу және оған түсініктер беру)

Халықтың діни санасы мен сауатын қалыптастырудағы әдеттегі нысандарға Қазақстан Республикасының заңдық талаптарына сай, ресми рұқсат етілген мешіт пен мешіт қызметкерлерінің, имамдардың қызметі жатады. Өкінішке орай, кей жағдайларда діни сауатты ақпарат алу мақсатында ресми рұқсаты етілген мешітті табу және оған жету барлық адамдарға қол жетімді емес. Яғни бұл тұста діни сананы қалыптастыру барысында мешіттің қол жетімді ақпарат көзінің рөлін атқара алмайтынын байқауға болады. Жалпы адамзат баласы «Адам өзін және өзінің даралығын тек әлеуметтік өмір арқылы ғана тани алады» [4, 265 б]. БАҚ құралдарының адамзат баласының ой-санасын, діни санасын қалыптастырудағы альтернативті баршаға бірдей қол жетімді ақпарат көздері:

1. Діни тұрғыда сауатты ақпараттар алу үшін Дін Істер Басқармасының арнайы сайты мен онда сұрақ-жауап алаңқайына жүгінуге болады. Кез келген ел аумағындағы ресми сайттардан дін тұрғысында ақпарат алуға болады. Негізінен, ҚР-да рұқсат етілген ресми сайттардың соңында «kz» қосымшасы болады. Мысалы «Muftiat.kz», «Azan.kz», «Muslim.kz».

2. Заман талабына сай уақыт жетіспеушілігіне қарай, баршаға қолжетімді «Google» «Youtube», «WhatsApp», «ТikТок», «Instagram», «Facebook» секілді заманауи әлеуметтік желілерінің діни саладағы атқаратын қызметі орасан зор. Дегенмен де, осы тұста ата-аналар тарапынан балаларын қырағы бақылауға алулары қажет, ғаламтор желілерінде өкінішке орай, сүзгіден өтпеген ақпараттар салдарынан әр түрлі жағдаяттарға душар болып, деструктивті діни ұйымдарға қосылып кету қаупі, Сирияға «Джихадқа» (соғысқа) немесе басқа да Араб елдеріне кету секілді қатерлер бар.

3. Танымал адамдардың жарнамасы арқылы әр түрлі қаржылық сауатсыздықтарға душар болу немесе шетелдік кино-фильмдердің теріс әсері салдарынан суицид жағдайына ұшырау секілді фактілер де бар.

Қоғамдық сананың қалыптасуына ықпалын тигізетін келесі маңызды діни факторларға тоқталайық:

«Діни әдебиет дегеніміз – діни мазмұнға ие (теологиялық, діни-каноникалық, ритуалдық-мистикалық, әлеуметтік-теологиялық) және тұрғындардың діни және рухани-діни ұстанымдарынан туындайтын өзге де әлеуметтік мәні бар сұраныстарын қанағаттандыруға бағытталған баспа немесе электрондық өнім (кітаптары, брошюралар) болып табылады.

Діни мазмұндағы ақпараттық материалдар дегеніміз – діни мазмұндағы ақпаратты қамтитын, діни әдебиетке жатпайтын баспа түріндегі немесе электрондық өнім». Аталған ұғымдарға сүйене отырып, діни мазмұндағы ақпараттық материалдарға келесі баспа түріндегі немесе электрондық материалдар жатады:

- діни мазмұндағы ақпараттық бюллетендер, діни уағыздар, құдай ілімі туралы сөз сөйлеу, діни-канондық мәтіндерге түсініктеме, діни лекциялар және діни білім беруге арналған сөз сөйлеу мәтіндік материалдары және жинақтары;

- діни бірлестіктермен өткізілетін және теологиялық тақырыпқа арналған семинарлар, дөңгелек үстелдер және конференциялар материалдары;

- діни мазмұндағы мәтіндері бар үндеу хаттар, буклеттер;

- діни ілім мәтіндері, діни сипаттағы цитаталары бар діни күнтізбелер.

Діни әдебиетке, діни мазмұны (теологиялық, діни-канондық, ритуалды-мистикалық, әлеуметтік-теологиялық) бар кітаптар, баспа немесе электрондық түріндегі брошюралар жатады», - деп қарастырылады [5].

Сонымен қоғамдық сана, бір қоғамның ой санасын қамтамасыз ететін ойлар жиынтығы. Бұл сана көкжиегі жеке тәртіппен келетін нәтижелер мен санаға қатысты әрекеттер және ойлар арқылы жұмыс жасайды. Қоғамдық сана, көптеген факторларға байланысты дамиды. Қоғамдық сана, экономикалық, саяси, мәдени, діни, әлеуметтік және психологиялық мәндерден тұрады. Адамдардың жеке қоғамдағы қатынастары, мемлекеттік жүйелер мен келісімшарттар, дін және культуралық арнайы мәндер де қоғамдық санаға ықпал етеді. Діни ақпараттардың қоғамдық санаға жоғары дәрежеде ықпал етеді. Діни ақпараттар жүйелі, мәдени, жеке және психологиялық санаттардың барлығына ықпалын тигізеді. Олардың қолдануы, жалпы жүйенің дамуын, білім мен технологияның дамуын, қоғамдық кеңес алуын және басқалардың көмекті жүргізуін толықтай алуға көмектеседі. Мысалы, ақпараттық технологиялар арқылы қоғамдық сананы дамытуға қатысу, медициналық технологиялар арқылы жүйелі сауалнамаларды шешу, қаржылық жүйеде ақпараттық анализдер арқылы басқару секілді операциялар. Қоғамдық сананы жасаудағы ең басты құралдардың бірі Интернет жүйесі. Интернет жүйесінің қоғамдық санаға әсері өте қаталерекше деп сипатталады. Ол, адамдарды бір-бірімен байланыстыра отырып, ақпаратты алмастырып, олардың арасында өзара байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Бұл, қоғамдық қатынас жасау, байла-

ныс орталығы арқылы сауалнамаларды шешу, жаңа идеяларды тарату және сыртқы өкілдермен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, интернет жүйесі арқылы қоғамдық сананы дамыту барысында жаңа технологияларды және білімдерді пайдалану. Адамдар үйде отырып, жұмыс істеу, оқу, ойлау және даму саласында онлайн құралдардан пайдаланады. Бұл, білім беру мен білімділікті жетілдіру, кеңес беру және алдыңғы тәжірибелерді бөлісу саласында да көмектеседі.

Қоғамдық сананың қалыптасуы – бұл әр түрлі ақпарат, кеңінен білім, және ақпараттық қорын орналастыру процестерінің құрамындағы қоғамдық іс-шараларды, санақты және ақпараттық құрылымдарды жүзеге асыратын және жергілікті көмек көрсететін жұмыстарды қамтамасыз етеді. Бұл процестер адамдардың қоғамдық байланыстарда тарауын кеңейтетін, олардың жеке дамуын және білімін өсіретін механизмдерді қамтамасыз етеді.

Діндарлық ақпараттардың адам санасына әсері мен ықпалы күрделі. Мұндаймәліметтер жүйелі тұрғыда тексеріліп барып қолданылғаны жөн. Мемлекеттік немесе діни амалдардың құқықтық қағидалары, жеке азаматтардың кез келген қызметімен байланысты жүзеге асады. Олардың дұрыс сақталуы мен түсіндірілуі адам санасына дұрыс ақпарат алуға көмектеседі. Алайда, олардың адам санасына әсерінің салауаттылығының көрсеткіші оңды болуы үшін, оларды дәстүрлі ақпараттармен бірге пайдалану керек. Жоғары сапалы, діни ақпараттар жүйелілігі сақталған, діндарлық ақпараттар жаңа ақпарат алуға мүмкіндік береді және олардың адам санасына әсерін кеңейтеді.

Қорытынды

Егемен Қазақстан газетінде: «Мерзімді басылымдар өз міндетін атқарып болды, енді оның жаназасын шығара берсе болады» деген пікір түбірінен қате. Цифрлық дәуірдің сананы өзгерткені, айналаға мән беруді азайтып, керісінше, қабылдауды арттырып, ақпарат тұтынудың адам айтса сенгісіз шетсіз-шексіз мүмкіндігін қамтамасыз етіп бергені рас. Тіпті қаралымы көп ресми сайттардың өзі тексерілмеген жаңсақ ақпараттарды жариялауға жол береді. «Жұмысқа кетіп бара жатып, жолай дүңгіршектен газет сатып алып, кофе ішіп отырып газет оқудың «шармы» жоғалып барады. Алайда жаңалық деген – естен шыққан ескі дүние, мерзімді басылымдарда да солай. Өткенде «Курсив» газетін қолыма ұстап оқып отырып, мен бәрібір интернетте, әлеуметтік желіде оқыған ақпараттан гөрі газетте жазылған ақпаратқа көбірек сенетінімді байқадым. Түрлі көңіл күйге негізделген жалғаны бар, шыны бар, толассыз ағылған ақпарат тасқынын талғаусыз жұтып жатқан кезде мидың еріксіз «тоқта!» деп белгі беретінін газет арқылы түсіндім. Өзге елдердің тәжірибесін зерттей келе, мерзімді басылымдардың өмір сүре беретініне сендім. Бар болғаны заманауи медиа-пейзаж талабына сай ба-

сылымдарды тартымды жасай түсудің тәсілдерін қарастыру керек», - дейді Ақерке Берлібай [6].

Теріс діни ақпараттардың таралуының салдарынан орын алатын негативті жағдаяттардың алдын алу мақсатында дінді мемлекеттік бақылау орталығының жұмысын қадағалау керек. Соңғы кездері қаржылық мүддені көздеген адамдар тарапынан діни уағыз айтатын үрдіс пайда болған, бұл үдеріс те мемлекет тарапынан қатаң бақылауға алынуы қажет, кез келген жағдайда әр істің өз маманы іс жүргізуі қажет. Мемлекет тарапынан елде орын алып жатқан бұрыс ақпараттардың салдарымен күрескенше, желілердегі дін саласындағы көшбасшылардың жұмыстарын мемлекеттік деңгейде қадағалап, қылмыстардың, теріс жағдайлардың алдын алу қажет. Уағыз айтатын халықпен жұмыс жасайтын адамдардың қызметіне сүзгі керек. Қоғамның дамуы мен ілгерілеуі үшін діни сананың мемлекеттік бағдарына айналған зайырлылық қағидаттарына сай дұрыс бағытта қалыптасуы өте маңызды. Жалпы діни сананың қалыптасуы ерте замандардан бастау алса, діни сананың қалыптасып дамуына қоғамдағы өзгерістер, заман ағымы, елдегі ішкі және сыртқы жағдайлар өзіндік ықпалын тигізді. Ақпараттық кеңістіктегі кез келген дүниенің адамзатқа оң және теріс әсерін бақылау мүмкін емес. Жалпы кез келген адамның ақпаратты қабылдау дәрежесі әрқилы болатындықтан, БАҚ арқылы келген ақпарат әртүрлі қабылданады. Діни сипаттағы ақпараттар да дәл солай, діни ақпараттар мектеп табалдырығынан бастау алатын болса, мектептегі дінтану пәнінің мәртебесін, ұстаздарының құзыреттілігін арттыру арқылы қол жеткізе аламыз. Дін саласына реформа қажет. Діннің қадір-қасиетін жоғалтып жіберуге де болмайды, дінді дұрыс бағытта насихаттайтын көзі ашық, сауатты мамандардың болуы мәселенің бәрін шешпесе де, оны жартылай шешуге пайдасын тигізері сөзсіз. Қазақстан секілді көпұлтты, көпмәдениетті елге діни сананың дұрыс бағытта қалыптасып, жүзеге асуы ел болашағы үшін аса маңызды іс.

Әдебиеттер тізімі

1 Расул Жұмалы. Дін атын жамылған теріс ағымдар туралы. [Электронды ресурс]. Қаралған уақыты 13.05.2024 <https://informburo.kz/pikir/rasul-jumaly/dn-atyn-zhamylyan-ters-aymdarturaly-101837.html>

2 Бұқаралық ақпарат құралдары туралы заң. [Media Law]. [Электронды ресурс]. Қаралған уақыты 13.05.2024 <https://law.gov.kz/client/#!/doc/3749/kaz/06.02.2009/124>

3 Қазақстан энциклопедиясы. [Encyclopedia of Kazakhstan]. – Алматы: “Қазақ ұлттық энциклопедиясы” баспасы, 2002. – 621 б.

4 Барулин В.С. Социально-философская антропология. Общие начало социально-философской антропологии. – М.: Онега, 1994. – 256 с.

5 Дүйсен А. Начало формыКонец формы

6 Бөрлібай Ақерке. Дәстүрлі ақпарат құралдары дами береді. [Электронды ресурс]. Қаралған уақыты 13.05.2024 <https://egemen.kz/article/362248-dasturli-aqparat-quraldary-dami-beredi>

Transliteration

1 Rasul Jūmalı. Dın atyn jamylǵan teris aǵymdar turaly. [About negative trends under the name of religion]. [Elektronnyy resurs]. Qaralǵan uaqyty 13.05.2024. <https://informburo.kz/pikir/rasul-jumaly/dn-atyn-zhamylyan-ters-aymdar-turaly-101837.html>

2 Būqaralyq aqparat qūraldary turaly zañ. [Mass Media Law], [Elektronnyy resurs]. Qaralǵan uaqyty 13.05.2024. <https://law.gov.kz/client/#!/doc/3749/kaz/06.02.2009/124>

3 Qazaqstan ensiklopediasy. – Almaty: Qazaq ūlttyq ensiklopediasy, 2002. – 621 b.

4 Barulin V.S. Sosiälno-filosofskaiä antropologia. [Social and philosophical anthropology]. Obşie nachalo sosiälno-filosofskoi antropologii. – M.: Onega, 1994. – 256

5 Düisen A. 1.»Dini ädebietter» jäne «dini mazmındaǵy aqparattyq materialdar degenimiz ne? [What are «religious literature» and «informational materials with religious content?»]. [Elektronnyy resurs]. Qaralǵan uaqyty 13.05.2024. <https://centre-tur.kz/kk/maqalalar/din-jane-qogam/dini-adebietter-jane-dini-mazmundagay-aqparattyq-materialdar-degenimiz-ne-597/>

6 Börlıbai Aqerke. Dästürlı aqparat qūraldary dami beredi. [Traditional Media Continues to Evolve] [Elektronnyy resurs]. Qaralǵan uaqyty 13.05.2024. <https://egemen.kz/article/362248-dasturli-aqparat-quraldary-dami-beredi>

Касабекова Е.К., Шағырбай А.Д.

Влияние религиозной информации в СМИ на массовое сознание

Аннотация. В данной статье рассматривается важность роли СМИ в формировании массового сознания. XXI век – век информационных технологий. Около 80 процентов населения мира являются пользователями всемирной сети Интернет. Средства массовой информации являются одной из наиболее мощных и разрушительных сил, влияющих на религиозное сознание людей извне. На самом деле общественное сознание зависит не только от уровня его собственного мыслительного поля, но и от внешних факторов. Влияние внутренних и внешних факторов, коллективная сила индивидуального сознания формируют религиозное массовое сознание народа. Изменение и развитие массового религиозного сознания широких слоев населения напрямую связано с быстрым прогрессом научной техники.

Ключевые слова: СМИ, религиозное сознание, массовое сознание, Интернет ресурсы, формирование.

Kasabekova E.K., Shagyrbay A.D.

The Influence of Religious Information in the Media on Mass Consciousness

Abstract. This article examines the importance of the role of the media in the formation of mass consciousness. XXI century is the century of information technology. About 80 percent of the world's population are Internet users. The media are one of the most powerful and destructive forces influencing the religious consciousness of people from the outside. In fact, public consciousness depends not only on the level of its own thought field, but also on external factors. The influence of internal and external factors, the collective power of individual consciousness shapes the religious mass consciousness of the people. The change and development of the mass religious consciousness of broad sections of the population is directly related to the rapid progress of scientific technology.

Key words: Mass Media, religious consciousness, mass consciousness, Internet resources, formation.